

Астана және Алматы қалалық басқармасы", "бюджеттік шоты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "Қазынашылық органдары" деген сөздер "Қазынашылықтың аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "жалпымемлекеттік салықтар мен кірістерден және басқа да төлемдерден", "жалпымемлекеттік салықтар мен кірістерден және басқа да төлемдерден", "жалпымемлекеттік кірістер мен салықтарды", деген сөздер ауыстырылатын сөзінің септеуіне тиісінше "салықтар, алымдар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - т а р м а қ т а :

"(республикалық маңызы бар қалалар" деген сөздердеі кейін "(және республиканың астанасы)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "селолық, ауылдық, поселкелік және қалалық (аудандық маңызы бар қалалар) әкімшіліктерде" деген сөздер ауыстырылатын сөзінің септеуіне тиісінше "төмен тұрған жергілікті атқарушы органдарда" деген сөздермен толықтырылсын ;

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын :

"Материалдық жауапты тұлғаларды қызметке тағайындау, қызметтен босату және ауыстыру бас бухгалтердің келісімімен жүргізіледі.";

8 - т а р м а қ т а :

он екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"алынған міндеттемелерді ескере отырып, бөлінген лимиттер мен кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы (N 132-Б - н.)";

13 - т а р м а қ т а :

бесінші абзац алынып тасталсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. N 011 "Жергілікті бюджеттің бюджеттік шоты" шотына мыналар:

мыналардан :

салықтардан, алымдар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерден түсетін түсімдер ;

салықтық емес түсімдерден ;

капиталмен жасалатын операциялардан түсетін кірістерден;
коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдерден;
аймақтарды өзін-өзі қамтамасыз ету үшін сатып алынатын астықты сатудан түсетін түсімдерден тұратын жергілікті бюджеттердің кірістері (арнайы

міндетті төлемдерді жеке тұлғаларға қайтару жағдайларын қоспағанда, жергілікті бюджеттің бюджеттік шотынан (негізгі) қолма-қол ақша беруге рұқсат етілмейді.

Бөлуге рұқсат етілген қаражаттардың бос қалдығы туралы ақпарат алу үшін Қазынашылықтың аумақтық органдарынан алатын тиісті қаржы органдарының күн сайынғы 115 "Бос қалдықтар қозғалысы жөніндегі ведомость нысанын және облыстық, Астана және Алматы қалалық қаржы басқармаларының 116 "Қаржы органдарының шоттарындағы бос қалдықтардың жиынтық ведомосы" нысанын п а й д а л а н у қ а ж е т .

27 - т а р м а қ т а :

алтыншы және жетінші абзацтар алынып тасталсын;
тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"есепті айдан кейінгі айдың әрбір 1-күніне Қазынашылықтың аумақтық органдары қаржы органдарына:

"Алынған міндеттемелерді ескере отырып, бөлінген лимиттер мен кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы" N 132-Б нысанын;

"Жергілікті бюджеттің кассалық шығыстары бойынша ай сайынғы ведомосы" N 152 - ны с а н ы н ;

"Жергілікті бюджеттердің шығыстары бойынша ай сайынғы жиынтық ведомость" N 152-С - ны с а н ы н ;

"Мемлекеттік мекемелер бойынша жергілікті бюджеттердің шотындағы қаражаттар қалдығының ведомосы" N 074 - ны с а н ы н ;

"Екінші тәртіптегі бюджеттік шоттардағы шығыс қалдықтардың ведомосы" N 096 - ны с а н ы н б е р е д і . " ;

оныншы абзацтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

28 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджетінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Бюджет жүйесі туралы және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "мөлшерлері" деген сөз "нормативтері" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бесінші абзацтағы "мөлшерлерін" деген сөз және "салық органдарымен бірлесіп" деген сөздер алынып тасталсын және "салықтарды" деген сөзден кейін ", алымдарды және міндетті төлемдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "мөлшерлері" деген сөз және "және салық органдарының " деген сөздер алынып тасталсын, "облыстық" деген сөзден кейін "(қалалық)" деген сөзбен толықтырылсын;

сегізінші абзацтағы "(республикалық бағыныстағы қалалар)" деген сөздерден

кейін "(және республиканың астанасы)" деген сөздермен толықтырылсын, " тиісті облыстардың аумағында және республикалық маңызы бар қалалардың шегінде орналасқан" деген сөздер алынып тасталсын;

тоғызыншы абзацтағы "жергілікті" деген сөз "жоғары тұрған" деген сөздермен, "түсетін кірістердің" деген сөздер "түсетін түсімдердің" деген сөздермен ауыстырылсын, екінші сөйлем алынып тасталсын;

оныншы абзацтағы "Салықтар" деген сөзден кейін ", алымдар және міндетті төлемдер" деген сөздермен толықтырылсын, "облыстық (Астана қаласы, Алматы қаласы) салық органдарымен келісілген" деген сөздер алынып тасталсын;

3 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджетте көзделген сомалар шегінде, оның ішінде және шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі несие береді."

3 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" заңның 26" деген сөздер "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерді жергілікті бюджеттерден ұстауға жол берілмейді (Республикалық бюджет туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда).";

44-тармақтағы "салық" деген сөз "қаржы" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 52-1 "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" заңына сәйкес" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

5 4 - т а р м а қ т а :

екінші абзацтағы "Бекітілген бюджетте көзделген қолма-қол ақшаның айналыстық резерві мен" деген сөздер алынып тасталсын;

66-тармақ тақырыбымен бірге алынып тасталсын;

Нұсқаулыққа қосымша "Бюджеттен қаржы бөлу (белгіленген лимиттер) және кассалық шығыстар лимитінің есеп карточкасы" N 8 ЖБ - нысаны алынып т а с т а л с ы н ;

Нұсқаулыққа N 2 қосымшадағы 2-тармақтың I бөліміндегі екінші абзац алынып тасталсын.